

## Мектебімізде өткен «Мемлекет және қоғам қайраткері Ж.Тәшеневтің азаматтық тұлғасы – патриоттық рух қалыптастыру феномені» атты пікір-сайысы туралы есеп.

Нұр-Сұлтан қаласының Ж.Тәшенев атындағы №10 мектеп-гимназиясында 25.11.2022 күні: «№10 мектеп-гимназиясына 50 жыл» мерекелік күніне орай мектебімізде «Қоғам қайраткері Ж.Тәшеневтің азаматтық тұлғасы – патриоттық рух қалыптастыру феномені» атты пікір-сайыс болып өтті.



Пікір-сайыс американдық парламенттік форматта (АПФ) үкімет пен оппозиция арасында тақырып көлемінде қызу талқылау болды. Мектептегі «Әділет» дебат клубының мүшелері 10-сынып оқушылары Қанатқызы Аяна мен Азамат Мирас оппозициялық бағытын таңдаса, ал қарсылас оқушылар Токшылыкова Дениз мен Лесбек Нұрсезім үкімет бағытын жақтайтын жағын алды. Екі жақта төрт-бес дәлелді аргументтерін келтіре отырып, әр тарап өз көзқарасын, нақты ойларын айтуға тырысып жатты.



Пікір-сайыс *тақырыбы* «Қоғам қайраткері Ж.Тәшеневтің азаматтық тұлғасы – патриоттық рух қалыптастыру феномені», *мақсаты*: Қоғам қайраткері Ж.Тәшеневтің азаматтық тұлғасы – патриоттық рух қалыптастыру феномені ұрпақ тәрбиесінде қаншалықты тиімді деген сұрақ төңірегінде пікір-сайыс өрбіді. Пікір-сайыс өткен орны мектептің «Ж.Тәшенев» атындағы музей кабинеті. Ойын барысын бақылауда «Әділет» пікірталас клубының мүшелері атсалысып өзіндік пікірін білдіріп сынында айтып, шабытта білдіріп қойды. Мысалға оппозициялық бағытын ұстанған Қанатқызы Аяна:

- Ж.Тәшеневке жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбей жатқаны, халықаралық деңгейде конференциялар мен семинарлардың тиісті деңгейде өтпеуі;
- Сондай-ақ 9 сыныптың оқулығында Ж.Тәшенев жайында көлемді тақырып арнау керектігін, жер болмаса Астана болмайтының тілге тиек етті;
- Реті келсе Ж.Тәшенев атындағы марапаттау еңгізу керектігі, себебі мемлекеттік қызметкерлер арасында, болмаса ел-жер үшін қызмет атқарып жатқан азаматтарға марапат түрін еңгізу арқылы халықтың патриоттық сезімі мен адал қызмет атқару қағидасын ұстанар еді деген қарсы пікірлерін ұсынды.

Ал үкімет тарапы болса Ж.Тәшеневтің азаматтық тұлғасы – патриоттық рух қалыптастыруда атқарылып жатқан жұмыстарын саралап айтты. Атап айтар болсақ деп Лесбек Нұрсезім үкімет мүшесі:

- Ж.Тәшеневтің есімімен көше атауы және темір қоспадан жасалған муралы барлығы;
- Атаулы мектепке Ж.Тәшеневтің есімі берілгені, сондай-ақ ескерткіші ашылғаның мақтанышпен айтты.

Бұл сөз додасы, мұнда сөз ой қазанында қайнайды, қалыпқа түседі, өзіндік келбетімен сомдалып танылады. Пікір айтылады, айтылған пікірге қарсы ой туады. Пікір айтқан адам өз пікірін дәлелдеуі тиіс. Дәл осы мақсатта ойын жүйелі жеткізіп, уақыт ұта білетін дағдыларды қалыптастыра бастаған шәкірттерімізге қалалық деңгейде өтетін турнирлерге сәттілік тілейміз.

28.11.2022

«Әділет» пікір-сайыс ұйымының жетекшісі:

**Қарабалаұлы Қайрат**